

**Жиынтық бағалауға арналған  
әдістемелік ұсыныстар**

**Әдебиеттік оқу**

**3-сынып**

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 3-сынып білім алушыларына «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар (қазақ тілінде білім беретін) бастауыш сыныптың (2-4-сыныптары) «Әдебиеттік оқу» (оқыту қазақ тілінде) пәні бойынша оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) мен оқу жоспарының негізінде дайындалған.

Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Тапсырмалар мен рубрикалар ұсыныс түрінде берілген.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін спецификацияда тапсырма үлгілері мен балл қою кестесі ұсынылған. Спецификация стандартталған және оны тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуде басшылыққа алу міндеттелген.

Әдістемелік ұсыныстар бастауыш сынып мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

## Мазмұны

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР .....	4
«Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау .....	4
«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау .....	7
1-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы .....	10
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР .....	17
«Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау .....	17
«Сәулет өнері» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау .....	20
2-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы .....	23
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР .....	29
«Өнер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау .....	29
«Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау .....	32
3-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы .....	35
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР .....	42
«Су-тіршілік көзі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау .....	42
«Демалыс мәдениеті. Мерекелер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау .....	45
4-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы .....	48




## 1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Тыңдалым және айтылым
<b>Оқу мақсаты</b>	<p>3.1.1.1 Шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру</p> <p>3.1.2.1 Шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық,таңдауына қарай мазмұндау, сахналау</p>
<b>Бағалау критерийі</b>	<p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді</li> <li>• Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен баяндайды</li> </ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану
<b>Орындау уақыты</b>	20 минут

### 1-тапсырма

**Мәтінді мұқият тыңда. Мәтіннен суреттегі жануарлар туралы қандай маңызды ақпарат алдың? Кестеге жаз.**

Жануарлар – табиғаттың тамаша жаратылысы. Олар туралы таңқаларлық деректерге көптеген мысал келтіруге болады. Мысалы, құмырсқалар өзінің салмағынан 60 есе ауыр жүкті көтере алады. Оларды палуан құмырсқалар деп атайды. Қолтырауындар тас жейді. Осының арқасында асқорыту жүйесін күшейтеді, суда тепе-теңдікті ұстайды. Ал пілдердің сурет сала алатынын білесің бе? Пілдер - дүниедегі ең ақылды жануарлар. Оның миының салмағы - 5кг. Көбелектер гүлдердің иісін ондаған шақырым қашықтықтан сезе алады. Олар иісті қанаттарының көмегімен сезеді. Ғалымдар тотықұстардың сөйлей алғанымен қоса, үлкен мен кіші, ұқсас және бөлек заттарды ажырата алатындығын дәлелдеген. Жануарлар дүниесінде мұндай қызықты мәліметтер өте көп.

- Мәтін бойынша маңызды ақпаратты анықтайтын 1сұрақ құрастыр және жауап бер.

---



---

### 2-тапсырма

Кестеге сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айт.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді	1	мәтіннен маңызды ақпаратты анықтайды: 1-ақпарат;	1
		2-ақпарат;	1
		3-ақпарат;	1
Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен баяндайды	2	мәтін бойынша маңызды ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақ құрастырады;	1
		сұраққа жауап береді;	1
		мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды;	1
		мәтіндегі маңызды ақпараттарды қамтиды;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1
<b>Барлығы</b>			<b>8</b>

**«Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді	1	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар құрастыруда және сұрақтарға жауап беруде қиналады.  <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар құрастыруда / сұраққа жауап беруде/ мәтіннен маңызды ақпараттарды анықтауда қателіктер жібереді.  <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады және сұрақтарға жауап береді.  <input type="checkbox"/>
Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен баяндайды	2	Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен баяндауда қиналады.  <input type="checkbox"/>	Баяндау барысында мәтіннің жүйесін сақтауда/ мәтіндегі ақпараттарды қамтуда қателіктер жібереді.  <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен жүйелі баяндайды.  <input type="checkbox"/>

**«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау**

**Сөйлеу әрекетінің түрлері**

Оқылым  
Жазылым

**Оқу мақсаты**

3.2.3.1 Шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді анықтау  
3.3.1.1 Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру

**Бағалау критерийі**

*Білім алушы*

- Мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды білдіретін сөйлемді анықтайды
- Мәтінді бөліктерге бөліп, жоспар құрады

**Ойлау дағдыларының деңгейі**

Қолдану

**Орындау уақыты**

20 минут

**1-тапсырма**

**Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.**

Биік таудың беткейінде үлкен емен ағашы өсіп тұратын.

Бірде өтіп бара жатқан жел еменді құлатпақ болып, бар күшімен үрлей бастады.

Ол қанша күшенсе де, емен былқ етпеді. Керісінше, жапырақтарын қимылдатып, желді мазақ қылғандай болды.

Ызаланған жел найзағай мен жаңбырды көмекке шақырды. Аспанды қап-қара бұлт басып, күн күркіреді. Найзағай ойнап, жаңбыр жауды. Емен одан сайын құлпыра түсті. Еменді құлата алмайтынын түсінген жел оның сырын сұрады.

- Мен туған жерімде өсемін, тамырларыммен туған топырағыма мықтап бекінгенмін. Менің күшті болуымның сыры осында, - деді емен.

(Л.М. Жариковтан аударылып, бейімделген)

- Мәтіннің кейіпкерлерін жаз. \_\_\_\_\_
- Мәтінге ат қой. \_\_\_\_\_
- Мәтіннің негізгі ойын білдіріп тұрған сөйлемді тауып, көшіріп жаз.

\_\_\_\_\_

**2-тапсырма**

**Сұрақтардың көмегімен мәтінді үш бөлікке бөліп, қоршап сыз. Әр бөлікке ат қой.**



Желдің қандай ойы болды?

1) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_



Оны қандай жолдармен жасағысы келді?

2) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_



Емен желге қалай жауап берді?

3) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды білдіретін сөйлемді анықтайды	1	мәтіннің кейіпкерлерін атайды (екіден кем емес);	1
		мәтіннің тақырыбын анықтайды;	1
		мәтіннің негізгі ойын білдіретін сөйлемді тауып жазады;	1
Мәтінді бөліктерге бөліп, жоспар құрады	2	мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады;	1
		мәтін бөліктеріне сәйкес ат қояды:	
		- бірінші бөлікке; - екінші бөлікке; - үшінші бөлікке.	1 1 1
<b>Барлығы</b>			<b>7</b>



**«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды білдіретін сөйлемді анықтайды	1	Мәтінге ат қоюда және мәтіннің негізгі ойын білдіретін сөйлемді анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтінге ат қоюда / мәтіннің негізгі ойын білдіретін сөйлемді анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтінге сәйкес ат қояды және мәтіннің негізгі ойын білдіретін сөйлемді анықтайды. <input type="checkbox"/>
Мәтінді бөліктерге бөліп, жоспар құрады	2	Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратуда және мәтінге жоспар құруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратуда/ мәтінге жоспар құруда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтап, мәтінге жоспар құрады. <input type="checkbox"/>

# **1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

## **1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

## **2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар**

«Әдебиеттік оқу» оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында), бастауыш білім беру (2-4 сыныптар).

## **3. 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу**

### **3.1 Ұзақтығы – 40 минут**

**Балл саны – 16**

Тыңдалым мен айтылым бөлек тексеріледі.

### **3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 4 тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма тыңдалым және айтылым дағдысын, екіншісі – оқылым, үшінші және төртінші тапсырмалар жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

**Тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының сипаттамасы**

<b>№</b>	<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	<b>Ортақ тақырып</b>	<b>Оқу мақсаты</b>	<b>Тапсырманың сипаттамасы</b>	<b>Тапсырма саны</b>	<b>Жалпы балл</b>
1	Тыңдалым және айтылым	Жанды табиғат Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)	3.1.3.1 Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау 3.1.5.1 Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу 3.1.1.1 Шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	6
2	Оқылым		3.2.2.1 Шығарма мазмұны бойынша қолдануға (практикалық), бағалауға және шығармашылыққа негізделген сұрақтар қою және жауап беру 3.2.6.1 Кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау 3.2.3.1 Шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді анықтау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
3-4	Жазылым		3.3.1.1 Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларды орындайды.	2	5
<b>Барлығы</b>					<b>4</b>	<b>16</b>

#### 4. Тапсырмалар үлгісі және балл қою кестесі

##### «Әдебиеттік оқу» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

###### Тыңдалым және айтылым

1. Берілген үзіндіні мұқият тыңда. Әрі қарай не болады деп ойлайсың? Табиғат ананың керемет күйге түсуінің себебі неде болуы мүмкін? Көркем сөздерді қолданып, оқиғаны жалғастырып айт.

Табиғат ананың Жер, Су, Ағаш, Ауа деген ұлдары болыпты. Бір күні Табиғат-ана ұлдарын шақырып алып:

-Адамдарға адал қызмет еткен балама үлкен сый тартамын,- деп уәде береді.

Ұлдары адамдарға жақсылық жасауға қуана келіседі. Олар жан-жаққа кетіп, адамдарға көп игілікті іс жасайды. Күндердің күнінде еліне қайтып оралған ұлдары аналарының бұрынғыдан да ажарлана түскенін көріп:

- Апатай, сіз қандай керемет күйге түскенсіз, мұның сыры неде? – деп сұрайды...

- Анасы балаларына қандай уәде берді? Жаз.
- Мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған 1 сұрақ құрастыр және жауап бер.

[6]

#### Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> - Аяулы ұлдарым менің, мұның сыры сендердің адамзатқа жасаған қайырымдылықтарыңда,- деп жауап беріпті анасы. Табиғат ана берген уәдесін	1	Берілген оқиғаға сәйкес болжам жасай отырып, мәтінді жалғастырады.
		1	Оқиғаның логикалық жүйесін сақтайды.

1	орындап, балаларына күннің жарығы мен жылуын сыйлапты. Содан бері ұлдары да айдай аналарының сұлулығын сақтап қалу үшін адамдарға адал қызмет етіп келеді екен.	1	Сөйлеу барысында көркем-бейнелі сөздерді қолданады.
	Адамдарға адал қызмет еткен баласына сыйлық беретінін айтты/ Сыйлық беруге уәде берді/...	1	Мәтіннің мазмұнына қатысты баламалы сұрақтар мен жауаптар қабылданады.
	Табиғат ана балаларына неліктен мұндай талап қойды деп ойлайсың?/ Табиғат ананың ұлдары қандай игі істер жасауы мүмкін?/ Табиғат ананың сұлуланып кетуіне не себеп болды деп ойлайсың?/ ..	1	
	Адамдардың жақсы өмір сүруіне ықпал еткісі келген болар/ Балаларын қайырымдылыққа тәрбиелеу үшін/ Адамдардың тіршілігіне қажетті заттарды тауып беруі мүмкін/ Балаларының адамдарға жасаған жақсылығы әсер етті/...	1	
<b>Барлығы</b>		<b>6</b>	

## Оқылым

### 2. Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Арсылдаған ит ызалана тап-тап береді. Шарбақтың басында бір кішкентай мысық бүрісіп отыр. Иттен қорыққанынан арқасын күжірейтіп, ысылдаған дыбыс шығарады.

Анадай жерде оқиғаның соңын күткен екі бала состиып қарап тұр. Оны терезеден көрген бір әйел сыртқа жүгіріп шықты.

– Ұялмайсыңдар ма! – деген зілді дауыстан екі бала селк етіп, арттарына қарады. Әйел қолындағы таяғымен итті қуып жіберді.

– Біз не істедік? –деп таңданды екі бала. – жай ғана қарап тұрмыз ғой.

– Міне, ең жаманы осы, – деді әйел зілденіп.

(В.А. Осеевадан аударылып, бейімделген)

- Бейтаныс әйел балаларға неліктен ашуланды?

- Балалар неліктен қарап тұрды деп ойлайсың? \_\_\_\_\_

- Кейіпкерлердің қайсысының іс-әрекетін дұрыс деп санайсың? Неліктен?

бейтаныс әйелдің

балалардың

Себебі, \_\_\_\_\_

- Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді деп ойлайсың?

\_\_\_\_\_

- Мәтінге ат қой. \_\_\_\_\_

[5]

### Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
2	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Мысыққа араша түспегендері үшін/итті қуып жібермегені үшін/мысыққа көмектеспей, босқа қарап тұрғандары үшін/...	1	Сұрақтардың мазмұнына сәйкес болатын баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Соңында не боларын күтті/қызықтап тұрды/ немқұрайлы болды/ әуесқойлық танытты/	1	
	<div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="border: 1px solid blue; border-radius: 10px; padding: 2px 5px; font-size: 8px;">Бейтаныс әйелдің</div> <div style="border: 1px solid blue; border-radius: 10px; padding: 2px 5px; font-size: 8px;">Балалардың</div> </div> <p>Себебі, ол мысықты иттен арашалап алды/ Мысыққа көмектесті/ Балалардың қателігін түсіндірді/ Балаларға өнеге көретті/...</p>	1	
	Әлсізге көмектесу керек/ жануарларға қамқор болу керек/ қиын сәттерде қол ұшын беру керек/	1	
	Араша/ Жаман әдет/Жаман...	1	
<b>Барлығы</b>		<b>5</b>	

### Жазылым

1. Берілген сұрақтардың көмегімен оқыған мәтінді 3 бөлікке бөл. Әр бөлікке ат қой.

Мәтіннің бөліктері	Сұрақтар	Жоспар/тақырып
1) Оқиға неден	Мәтін не туралы?	

басталды?	Ит пен мысық не істеді?	1) _____
2) Әрі қарай не болды?	Балалар не істеді? Мысықты кім құтқарды?	2) _____
3) Оқиға қалай аяқталды?	Балалар неге таңқалды? Бейтаныс әйел не деді?	3) _____

[3]

**2. Әйелдің сөзінен кейін балалар не істейді деп ойлайсың? Балаларға қатысты 1 сөйлем құрап жаз.**

---

[2]

#### Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
<b>3</b>	<i>Білім алушының ықтимал жауаптары:</i> Ит пен мысық/ Араздық/	1	Мәтіннің құрылымдық бөліктеріне сәйкес баламалы жауаптар қабылданады.
	Әуесқойлық/ Араша/ Мысықты құтқару	1	
	Таңдану/ Жаман қылық/ ...	1	
<b>4</b>	<i>Білім алушының ықтимал жауаптары:</i> Балалар өздерінің қателігін түсініп, әйелден кешірім сұрады/ Балалар ұялып, төмен қарады/ ...	1	Сұрақтың мазмұнына сәйкес сөйлем құрастырып жазады.
		1	Сөйлемнің құрылымын сақтай отырып, қатесіз жазады.
<b>Барлығы</b>		<b>5</b>	

**5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

## **6. Модерация және балл қою**

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.



## 2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Тыңдалым және айтылым
<b>Оқу мақсаты</b>	3.1.3.1 Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау 3.1.1.1 Шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"><li>• Шығарманың мазмұнына сүйеніп, оқиғаның дамуын болжайды</li><li>• Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді</li></ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
<b>Орындау уақыты</b>	20 минут

### 1-тапсырма

Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Екі бала көше бойындағы бағанада ілініп тұрған сағаттың қасында әңгімелесіп тұр.  
– Жақшалы өрнек болғандықтан есепті шығара алмадым, - деді Нұрлан.  
– Ал мен көп таңбалы сандарды дұрыс есептей алмадым,- деді Ораз.  
– Ендеше екеулеп шығарып тастайық. Әлі уақытымыз бар ғой, - деді Нұрлан. Бұл кезде бағана басындағы сағат бір жарымды көрсетіп тұрған.  
– Әлі жарты сағат уақыт бар екен. Бұл уақытта ұшқыш жолаушыларды бір қаладан екінші қалаға жеткізе алады, - деді Ораз келіскенін білдіріп.  
– Ал менің капитан ағам жиырма минутта апатты кемедегі жолаушыларды қайыққа отырғызып үлгерген.  
– Жиырма минут дейсің бе? Кейде он минуттың өзінде біраз шаруа тындыруға болады. Тек әр минутты ескеру керек, - деді Ораз маңғазданып.  
Осылайша балалар біраз қызықты оқиғаларды еске түсірді. Бір кезде Ораздың көзі сағатқа түсіп кетті. Түп- тура екі болыпты.  
– Жүгірейік!- деді Ораз. – Біз сабаққа кешіктік!  
– Ал есеп ше? - деді Нұрлан сасқалақтап.

(В.А. Осеевадан аударылып, бейімделген)

- Балалардың сабаққа кешігуіне не себеп болды?
- Ораз уақыт туралы қандай ой айтты?
- Балалар өз уақытын бағалай алды ма? Уақытты бағалау дегенді қалай түсінесің?

### 2-тапсырма

Мәтіндегі оқиға қалай аяқталады деп ойлайсың? Мәтінді «уақытты бағалау керек» деген тұжырыммен сәйкестендіріп, жалғастырып айт.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді	1	мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді:	
		1-сұраққа;	1
		2-сұраққа;	1
		берілген сұраққа қатысты көзқарасын айтады;	1
Шығарманың мазмұнына сүйеніп, оқиғаның дамуын болжайды	2	оқиғаның соңын мәтінмен жүйелі байланыстырады;	1
		оқиғаның мазмұнын берілген тақырыппен сәйкестендіреді;	1
		тақырыпқа сәйкес қорытынды жасайды;	1
		ойын жүйелі, еркін жеткізеді;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1
<b>Барлығы</b>			<b>8</b>

«Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді	1	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде және сұраққа қатысты өз ойын айтуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша бірінші/екінші сұрақтарға жауап беруде қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға дұрыс жауап береді және сұраққа қатысты өз көзқарасын білдіреді. <input type="checkbox"/>
Шығарманың мазмұнына сүйеніп, оқиғаның дамуын болжайды	2	Мәтіндегі оқиғаның соңын болжап айтуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Оқиғаны берілген тақырыппен байланыстыруда/ тақырыпқа сәйкес қорытынды жасауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіндегі оқиғаның соңын болжап айтады. <input type="checkbox"/>

## «Сәулет өнері» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Оқылым
<b>Оқу мақсаты</b>	Жазылым
	3.2.1.2 Шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз Жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу
	3.3.2.1 Шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i>
	<ul style="list-style-type: none"><li>• Мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, белгілейді</li><li>• Оқығаны/көргені бойынша мәтін құрап жазады</li></ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану
<b>Орындау уақыты</b>	Жоғары деңгей дағдылары 20 минут

### 1-тапсырма

**Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.**

Астана қаласы жылдан-жылға көркейіп келеді. Оның жаңадан салынған ғимараттары мен әдемі алаңдары көз тартады. Қалада биіктігі 100 метрден асатын ғимараттар көп. Мысалы, «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясының бас ғимараты заманауи үлгіде жасалған зәулім мекеме. Биіктігі – 175 метр. «Меруертті мекен» - әртүрлі биіктіктегі көп қабатты тұрғын үй кешені. Арасындағы ең биігі 210 метрге жуықтайды. Ғимараттың соңғы қабатының аумағы бірінші қабаттан 15 метрге артықтығымен ерекшеленеді.

Қазір мұндай ғимараттар Астананың мақтанышына айналған.

- Сәйкестендір.

«Меруертті мекен»

мекеме ғимараты

«Қазақстан Темір Жолы»

ойын-сауық орталығы

тұрғын үй кешені

- Тұрғын үй кешенінің қандай ерекшелігі бар? Мәтіннен тауып, қоршап сыз.

### 2-тапсырма

**Берілген суреттер мен тірек сөздерді пайдаланып, Қазақстанның танымал ғимараттары туралы мәтін құрап жаз.**

**Тірек сөздер:** сәулетті, зәулім, көрікті, көз тартады, сәулет өнері, бірегей туындылар.



«Бәйтерек» монументі



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі



«Медеу» мұз айдыны



Бейбітшілік пен келісім сарайы

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, белгілейді	1	ғимарат атауларын қолданыс саласымен сәйкестендіреді:	
		1-ғимарат;	1
		2-ғимарат;	1
		аталған ғимараттың ерекшелігін анықтайды;	1
Оқығаны/көргені бойынша мәтін құрап жазады	2	тақырыпқа сәйкес мәтін құрастырады;	1
		мәтіннің құрылымын сақтайды;	1
		тірек сөздерді орынды қолданады;	1
		ойын жүйелі, еркін жеткізеді;	1
		жазу барысында лексика-грамматикалық, пунктуациялық нормаларды сақтайды.	1
<b>Барлығы</b>			<b>8</b>

**«Ғимараттар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, белгілейді	1	Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіннен қажетті ақпараттарды дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Оқығаны/көргені бойынша мәтін құрап жазады	2	Тақырыпқа сәйкес мәтін құрап жазуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа сәйкес мәтін құрастырады, тірек сөздерді қолдануда/ лексика-грамматикалық нормаларды сақтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа сәйкес мәтін құрап жазады. <input type="checkbox"/>

## **2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

### **1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

### **2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар**

«Әдебиеттік оқу» оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында), Бастауыш білім беру (2-4 сыныптар).

#### **1. 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу**

**3.1 Ұзақтығы** – 40 минут

**Балл саны** – 16

Тыңдалым мен айтылым бөлек тексеріледі.

#### **1.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 3 тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма тыңдалым және айтылым дағдысын, екіншісі – оқылым, үшінші тапсырма жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

**Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

<b>№</b>	<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	<b>Ортақ тақырып</b>	<b>Оқу мақсаты</b>	<b>Тапсырманың сипаттамасы</b>	<b>Тапсырма саны</b>	<b>Жалпы балл</b>
1	Тыңдалым және айтылым	Уақыт Сәулет өнері	3.1.1.1 Шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру 3.1.5.1 Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	6
2	Оқылым		3.2.1.2 Шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу 3.2.2.1 Қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
3	Жазылым		3.3.1.1 Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру 3.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
<b>Барлығы</b>					<b>3</b>	<b>16</b>



#### 4. Тапсырмалар үлгісі және балл қою кестесі

##### «Әдебиеттік оқу» пәнінен 2-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

###### Тыңдалым және айтылым

###### Тапсырма

###### 1. Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Бірде Болаттың үйіне ағасының жолдасы келді. Ол бас киімін үстелдің үстіне қойып жатып:  
– Бүгін бір күнімді босқа жоғалттым, - деді. Болат оның сөзіне таңданып қалды. Қонақ кеткен соң ол ағасынан:  
– Күнді қалай жоғалтуға болады? Барлық күндер бірдей емес пе?- деп сұрады.  
– Уақыты жағынан барлық күндер бірдей, ал жұмысына қарай әртүрлі болады, – деді ағасы. – Адамның ешқандай пайдалы іс жасамаған және кешегі білгенінен басқа ешқандай жаңа нәрсе үйренбеген күні «жоғалған күн» болып саналады.  
Содан бері Болат ұйықтар алдында ағасына күні бойы істеген әрекеттерін айтып беретін болды. Сондай-ақ, ол күн сайын:  
– Менің күнім жоғалған жоқ па? - деп сұрауды әдетке айналдырды.  
(В.А. Осеевадан аударылып, бейімделген)

- Болат қандай сөзді естіп, таң қалды?
- Ағасы «жоғалған күн» дегенді қалай түсіндірді?
- Болат нені әдетке айналдырды?
- Болат күн сайын өзіне қандай сұрақ қоятын? Осы сұрақты өзіне қой және жауап бер.

[6]

###### Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	<i>Білім алушының ықтимал жауаптары:</i> Бір күнді босқа жоғалттым/Жоғалған күн/...	1	Білім алушының сұрақтардың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптары қабылданады.
	Адамның пайдалы іс жасамай, ештеңе үйренбей өткізген күні/Ешқандай пайда келтірмей, жаңа нәрсе үйренбеген күнді жоғалған күн дейді/...	1	
	Ағасына күні бойы жасаған әрекеттерін айтуды/ Ағасына сұрақ қоюды/...	1	
	Мен өз күнімді жоғалтқан жоқпын деп ойлаймын. Себебі сабаққа ынталана қатыстым, өзім үшін көп жаңа нәрсе үйрендім. Үйде анама көмектестім, өз заттарымды жинастырып қойдым/...	1	Сұраққа сәйкес дәлелді ой айтады.
		1	Өз ойын жүйелі жеткізеді.
		1	Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.
<b>Барлығы</b>		<b>6</b>	

## Оқылым

### 2. Мәтінді түсініп оқы. Мәтін бойынша кестені толтыр.

#### Көне Отырар

Отырар – Арыс өзенінің оң жақ жиегінде орналасқан көне қала. Көне Отырар арқылы көшпенді қазақтар саудамен шұғылданып, отырықшылықпен танысып, басқа халықтармен қатынаса бастады. Отырар тұрғындары күріш, тары, бидай, мақта, жүзім өсірумен шұғылданды. Қалада жақсы су жүйесі болған.

Отырар қаласы сауда жолдарының ортасында тұрғандықтан оған басқалардың назары көп түскен. Отырарды Қайырхан басқарған әскерлер алты ай бойы моңғолдардан қорғаған. Басып алғаннан кейін жаулар қаланы түгел өртеп жіберген.

Қазір Отырар қаласының орны ғана бар.

Қаланың орналасқан жері	Халқының кәсібі	Тарихы

- Отырар қаласына басқалардың назары неліктен көп түсетін?

---

- Мәтіннің мазмұны бойынша 1 сұрақ құрастырып жаз.

---

[5]

### Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
2	<i>Білім алушының ықтимал жауаптары:</i> Арыс өзенінің жағасында/Арыс өзенінің оң жағында/...	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Саудамен шұғылданған/ отырықшылықпен айналысқан/ күріш, тары, бидай, мақта, жүзім өсірумен шұғылданды/...	1	
	Қайырханның әскері алты ай бойы жаудан қорғаған/ Жаулар қаланы толық өртеп жіберген/Қазір қаланың орны ғана бар/	1	
	Отырар сауда жолының ортасында тұрған қала болды/ Ол ірі сауда орталығы болды/	1	
	Отырар қаласының орнында қазір не бар?/Моңғолдар Отырарды неліктен басып алғысы келді деп ойлайсың? /...	1	Мәтіннің мазмұнына сәйкес баламалы сұрақтар қабылданады.
<b>Барлығы</b>		<b>5</b>	

### Жазылым

- 3. Құрылымы қате берілген мәтіннің негізгі бөліктерін (басы, ортасы, соңы) анықтап, 1,2, 3 сандарымен белгіле. Мәтінді ретке келтіріп жаз. Мәтіннің әр бөлігіне ат қой.**

Әкесі Сәкенді осы үлкен пирамиданың қасына суретке түсірді. Ежелгі египеттіктер пирамидаларды үлкен-үлкен тастардан салған екен. Оның ішіне өздерінің басшыларын жерлеген. Оларды «перғауындар» деп атайды. Ең үлкен пирамида Хеопс перғауынға арнап салынған. Оның биіктігі қазіргі заманғы қырық қабатты үйден де биік! Өткен күзде Сәкен ата-анасымен бірге Египетке демалуға барды. Ол алып пирамидаларды көріп, қатты таңғалды.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

[5]

## Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
3	<p>3) Әкесі Сәкенді осы үлкен пирамиданың қасына суретке түсірді.<sup>2)</sup> Ежелгі египеттіктер пирамидаларды үлкен-үлкен тастардан салған екен. Оның ішіне өздерінің басшыларын жерлеген. Оларды «перғауындар» деп атайды. Ең үлкен пирамида Хеопс перғауынға арнап салынған. Оның биіктігі қазіргі заманғы қырық қабатты үйден де биік!</p> <p>1) Өткен күзде Сәкен ата-анасымен бірге Египетке демалуға барды. Ол алып пирамидаларды көріп, қатты таңғалды.</p>	1	Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды.
	<p>Өткен күзде Сәкен ата-анасымен бірге Египетке демалуға барды. Ол алып пирамидаларды көріп, қатты таңғалды.</p> <p>Ежелгі египеттіктер пирамидаларды үлкен-үлкен тастардан салған екен. Оның ішіне өздерінің басшыларын жерлеген. Оларды «перғауындар» деп атайды. Ең үлкен пирамида Хеопс перғауынға арнап салынған. Оның биіктігі қазіргі заманғы қырық қабатты үйден де биік!</p> <p>Әкесі Сәкенді осы үлкен пирамиданың қасына суретке түсірді.</p>	1	Мәтінді ретке келтіріп жазады.
	<p><i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Египетке саяхат</li> <li>2) Алып пирамидалар</li> <li>3) Естелік сурет</li> </ol>	3	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы жауаптар қабылданады. Әр бөлікке сәйкес атауға 1 балл қойылады.
<b>Барлығы</b>		<b>5</b>	

### 5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

### 6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

### 3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Өнер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Тыңдалым және айтылым Жазылым
<b>Оқу мақсаты</b>	3.1.2.1 Шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау 3.1.5.1 Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтінге жоспар құрады</li> <li>• Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айтады</li> <li>• Сөйлеу барысында көркем сөздерді қолданады</li> </ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану
<b>Орындау уақыты</b> <b>1-тапсырма</b> <b>Мәтінді мұқият тыңда. Тапсырмаларды орында.</b>	20 минут

Қоңырау соғылды. Шымылдық ашылды. Сахнаға әнші Әміре шықты. Басында оюлы тақия, үстінде жеңіл шапан, қолында домбыра. Өзге шығушылардан оның киімі де, түрі де, жүріс-тұрысы да өзгеше еді. Ол әуелі халыққа ізет көрсетіп, басын иді. Шеті түпсіз көрінген кең залға қарады. Домбырасын күйлеп алды да, «Қанапия» әнін айтты.

Зал тым-тырыс болды. Әміре кісіге емес, әнге айналды. Ән салса ол өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне беріледі. Оның ерекше күшті, ашық даусы Еуропа тыңдаушыларын қатты таңдандырды. Әннің аяғын созып барып, домбыраны желпіндіре бітіргенде, тілдің керектігі болмады. Ән аяқталғанда, сүйсініп отырғандар қайран қалысты. Ән тым тез біткендей.

Ұйып тыңдаған халық әнші орнынан тұрып, бас игенде ғана ду қол шапалақтады. Залдан «бис...бис...» деген дауыстар жамырай естіліп жатты.

- Мәтін кім туралы? \_\_\_\_\_
- Сұрақтардың көмегімен мәтінге жоспар құр. Кестеге жаз.

Сұрақтар	Жоспар
Сахнаға кім шықты? Ол не істеді?	1)
Тыңдаушылар қандай күйде болды?	2)
Халық әншіге қандай қошемет көрсетті?	3)

#### 2-тапсырма

Көркем сөздерді қолданып, жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айт.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтінге жоспар құрады Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айтады	1	мәтіннің тақырыбын анықтайды;	1
		мәтіннің кіріспе бөліміне сәйкес ат қояды;	1
		мәтіннің негізгі бөліміне сәйкес ат қояды;	1
		мәтіннің қорытынды бөліміне сәйкес ат қояды;	1
Сөйлеу барысында көркем сөздерді қолданады	2	мәтіннің мазмұнын жоспарға сәйкес, жүйелі баяндайды;	1
		сөйлеу барысында көркем сөздерді қолданады.	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1
<b>Барлығы</b>			<b>7</b>

«Өнер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтінге жоспар құрады Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айтады Сөйлеу барысында көркем сөздерді қолданады	1-2	Мәтінге жоспар құруда, мәтіннің мазмұнын баяндауда және сөйлеу барысында көркем сөздерді қолдануда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтінге жоспар құруда/мәтіннің мазмұнын жоспарға сәйкес баяндауда/көркем сөздерді қолдануда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұнын жоспарға сәйкес жүйелі баяндайды және көркем сөздерді орынды қолданады. <input type="checkbox"/>

## «Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері

Оқылым  
Жазылым

Оқу мақсаты

- 3.2.1.2 Шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу
- 3.2.2.1 Қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
- 3.2.6.1 Кейіпкерлердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалау
- 3.3.2.1 Шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтінді түсініп оқиды, қажетті ақпаратты анықтайды
- Мәтін бойынша сұрақтар құрастырады және жауап береді
- Шығарманың кейіпкерлерін сипаттайды
- Оқығаны/көргені бойынша мәтін құрап жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты

20 минут

**1-тапсырма**

**Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.**

Кедей шаруа жанұясында туған Құрманғазы жасынан домбыраға әуес болады. Ол Ұзақ күйшіден тәлім алады. Құрманғазы орындаушылық шеберлігін шыңдайды. Есейе келе Құрманғазының есімі бүкіл қазақ даласына атақты күйші ретінде тарайды.

Құрманғазының бүкіл өмірі әділетсіздікке қарсы күреспен өтеді. Ол сан рет түрмеге де отырады. Құрманғазы алғашқы күйін Исатай мен Махамбеттің қазақ хандарына қарсы көтерілісіне арнайды.

- Құрманғазы кімнен тәлім алған? Белгіле (✓)

Махамбеттен

Ұзақ күйшіден

Исатайдан

- Мәтіннің мазмұны бойынша 1 сұрақ құрастырып жаз.

---

- Мәтіннің кейіпкеріне мінездеме бер.

---



## 2-тапсырма

Оқыған/көрген/естігендеріңнің негізінде суреттегі атақты тұлғалардың біреуі туралы жаз.

			
Әбу Насыр әл-Фараби	Абылай хан	Тоқтар Әубәкіров	Дінмұхамед Құдайбергенов

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор <i>Білім алушы</i>	Балл
Мәтінді түсініп оқиды, қажетті ақпаратты анықтайды Мәтін бойынша сұрақтар құрастырады және жауап береді Шығарманың кейіпкерлерін сипаттайды	1	мәтіннің кейіпкерін анықтайды;	1
		мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді;	1
		мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырады;	1
		кейіпкерге мінездеме береді.	1
Оқығаны/көргені бойынша мәтін құрап жазады	2	оқығанының/көргенінің негізінде атақты тұлға туралы мәтін құрастырып жазады;	1
		кейіпкерге қатысты ақпараттарды қамтиды;	1
		мәтіннің құрылымын сақтайды;	1
		жазу барысында орфографиялық нормаларды сақтайды.	1
<b>Барлығы</b>			<b>8</b>

**«Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Білім алушының аты-жөні** \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтінді түсініп оқиды, қажетті ақпаратты анықтайды Мәтін бойынша сұрақтар құрастырады және жауап береді Шығарманың кейіпкерлерін сипаттайды	1	Мәтіннен қажетті мәліметтерді анықтауда, мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қоюда, шығарманың кейіпкерін сипаттауда қиналады.  <input type="checkbox"/>	Мәтіннен қажетті мәліметтерді анықтауда/ мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қоюда/ шығарманың кейіпкерін сипаттауда қателіктер жібереді.  <input type="checkbox"/>	Мәтіннен қажетті мәліметтерді анықтайды, мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қояды және шығарма кейіпкерінің портретін жасайды.  <input type="checkbox"/>
Оқығаны/көргені бойынша мәтін жазады	2	Оқығаны немесе көргенінің негізінде атақты тұлғалар туралы мәтін құрастыруда қиналады.  <input type="checkbox"/>	Оқығаны/көргені бойынша атақты тұлғалар туралы мәтін құрастырады, кейіпкерге қатысты ақпаратты қамтуда/ лексика - грамматикалық нормаларды сақтап жазуда қателеседі.  <input type="checkbox"/>	Оқығаны/көргені бойынша атақты тұлғалар туралы мәтін құрастырып жазады.  <input type="checkbox"/>

### **3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

#### **1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

#### **2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар**

«Әдебиеттік оқу» оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында), Бастауыш білім беру (2-4 сыныптар).

#### **3. 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу**

##### **3.1 Ұзақтығы – 40 минут**

**Балл саны – 16**

Тыңдалым мен айтылым бөлек тексеріледі.

##### **3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі тапсырмалар: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 3 тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма тыңдалым және айтылым дағдысын, екіншісі – оқылым, үшінші тапсырма жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

**Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

<b>№</b>	<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	<b>Ортақ тақырып</b>	<b>Оқу мақсаты</b>	<b>Тапсырманың сипаттамасы</b>	<b>Тапсырма саны</b>	<b>Жалпы балл</b>
1	Тыңдалым және айтылым	Өнер Атақты тұлғалар	3.1.2.1 Шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	6
2	Оқылым		3.2.1.2 Шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
3	Жазылым		3.3.1.1 Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру 3.3.2.1 Шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
<b>Барлығы</b>					<b>3</b>	<b>16</b>

#### 4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

### «Әдебиеттік оқу» пәнінен 3-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

#### Тыңдалым және айтылым

#### 1. Мәтінді мұқият тыңда. Тапсырмаларды орында.

Әке-шешеден ерте айырылған Әбілхан тіршіліктің тауқыметін көп тартты. Қой соңында күндер өтті. Жұрттың баласы хат танып, сабақ оқығанда, мұның қолынан бар келгені – күйемен тас бетіне немесе сұқ саусағымен құмға сурет салу болды. Болмаса кашау, пышағын ала жүріп, тас пен ағаштан мүсін жасау.

Әбілханның ағаштан жасаған мүсіндерін көрген Түргенбай дейтін қарт ұста:

– Мынауың біз білмеген өнер екен. Сурет салуға талабың бар екен. Оқуың керек шығар, балам, - деді.

Жетім бала өзі машықтанып жүрген ісіне тұңғыш рет қолдау естіді. Бір сыныптық білімі жоқ суретшінің өмір жолы осылай басталды. Талай-талай кедергілерге жолықты. Тек атақты суретші Н. Г. Хлудов өнер үйренуге талпынған бірінші қазақ жігітін қуана қарсы алды. Бос уақытында көркем сурет өнерінің әліппесін үйретті.

- Мәтін кім туралы? \_\_\_\_\_
- Ол бала күнінде немен айналысатын? 2 дұрыс ақпаратты белгіле (✓).

Тас пен құмға сурет салумен

Домбыра тартып, ән салумен

Тас пен ағаштан мүсін жасаумен

- Оған өнер әліппесін үйреткен кім? Белгіле (✓).

Түргенбай ұста

Суретші Н.Г. Хлудов

- Берілген жоспарға сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айт.

*Жоспар:*

- 1) Әбілханның ермегі
- 2) Ұстаның қолдауы
- 3) Өнер жолының әліппесі

[6]

### Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Әбілхан туралы/Әбілхан Қастеев туралы/суретші Әбілхан Қастеев туралы/	1	
	Тас пен құмға сурет алумен	1	
	Тас пен ағаштан мүсін жасаумен	1	
	Суретші Н.Г. Хлудов	1	
	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Әбілхан Қастеев ата-анасынан ерте айрылған. Басқа балалар сабақ оқыған кезде, ол қой соңында жүріп тас пен құмға сурет салатын, ағаштан мүсін жасайтын. Бір күні оның жұмысын көрген Түргенбай ұста оған оқуы керектігін айтады. Ол біраз қиындықтарға жолығады. Әбілханға сурет салуды Хлудов үйреткен.	1	Мәтіннің мазмұнын жоспарға сәйкес жүйелі баяндайды.
1		Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	
<b>Барлығы</b>		<b>6</b>	

### Оқылым

#### 1. Мәтінді түсініп оқы. Мәтінге сүйеніп, кестені толтыр.

Қаныштың шын есімі – Ғабдулғани. Анасы Әлима еркелетіп «Ғани, Ғаныш» деп атаған екен. Кейін облыстық орыс-қазақ мектебіне оқуға барғанда журналға есімі Қаныш болып жазылып кетіпті.

Қаныштың туып-өскен жері Баянауыл тауының сыртқы бөктері – Ақкелін. Қаныш бала күнінде өте момын, тұйық болып өседі. Төрт-бес жасқа келгенде асық, топай ойындарымен құмарланады. Өзеннің жағасынан әдемі жылтыр тастарды көп жинайды.

Қаныш ауыл мектебінде арабша хат танып, алғаш рет түркі әдебиетінің үлгілерімен танысады. Қаныш – қазақ халқының тұңғыш академигі, бар өмірін ел игілігі үшін жұмсаған кісі. Сондықтан оның жарқын бейнесі біз үшін аса қадірлі, аса қымбат.

Кейіпкердің аты-жөні	Кейіпкердің туған жері	Мінез-құлқы	Алғашқы білімі	Бала күнгі ермегі

[5]

### Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
2	Қаныш Имантайұлы Сәтпаев/Қаныш Сәтпаев	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Баянауыл тауы/ Ақкелін	1	
	Өте момын, тұйық болған	1	
	Арабша хат таныған/араб тілі/арабша оқыған	1	
	Асық, топай ойнау/әдемі, жылтыр тастар жинау	1	
<b>Барлығы</b>		<b>5</b>	

### Жазылым

1. Оқыған мәтіннің әр бөлігіне ат қойып, жоспар құр. Мәтінге сүйеніп, Қаныш Сәтпаев туралы 3-4 сөйлем жаз.

Жоспар:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

[5]

### Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
3	Ғабдулғани/Қысқарған есім	1	Сұрақтың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Бала Қаныш/Қаныштың ермегі/	1	
	Тұңғыш ғалым/Жарқын бейне/Халықтың сүйген ұлы/Ұлт мақтанышы/	1	
	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Қаныш Сәтпаев – қазақ халқының тұңғыш академигі. Ол Баянауыл өлкесінде туылған. Шын есімі- Ғабдулғани болған. Анасы еркелетіп «Қаныш» деп атаған.	1	Мәтіннің негізінде кейіпкерге қатысты ақпараттарды қамтып жазады.
		1	Сөйлемнің құрылымын сақтап, қатесіз жазады.
<b>Барлығы</b>		<b>5</b>	

#### 5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

#### 6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.



#### 4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Су-тіршілік көзі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Тыңдалым және айтылым
<b>Оқу мақсаты</b>	3.1.3.1 Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау 3.1.5.1 Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"><li>• Кейіпкерлердің іс-әрекетіне сүйеніп оқиғаның соңын болжайды</li><li>• Сөйлеу барысында көркем сөздерді қолданады</li></ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
<b>Орындау уақыты</b>	20 минут

#### 1-тапсырма

Мәтінді мұқият тыңда. Тапсырмаларды орында.

Бұлақ көзі тазаланып, Мөлдір су сықылықтап күліп ақты. Тұнық судан ары-бері жүрген адамдар мен жануарлар бір сімірмей өтпейтін болды. Бұл Лай суға ұнамады. Ол Мөлдір суды лайламақ болып, өз арнасын бұрды. Мөлдір судың үстін бастыра ақты. Бірақ жер астынан қайнап шығып жатқан Мөлдір су өңін бұзбай, сол қалпында аға берді. Лай су жаман ойының іске аспағанына ыза болды.

- Өзеннің бұл арнасына мен иелік етуім керек, - деп кеудесін қақты.
- Онда Көлге барайық. Әділдікті сол айтсын,- деп Мөлдір су Лай суды келісімге шақырды.

Екеуі Көлге келді.

- Қате пікірді белгіле (✓).

Лай суға Мөлдір судың тазалығы ұнамады.

Лай суға Мөлдір судың күліп аққаны ұнамады.

- Кейіпкерлерді сипаттайтын сөздерді анықтап, сәйкестендір.

Мөлдір су

Лай су

өзімшіл, қызғаншақ, күншіл

әділ, қызғаншақ, ақылды

адал, таза, тұнық, көңілді

**2-тапсырма**

**Оқиға қалай аяқталады деп ойлайсың? Кейіпкерлерді сипаттайтын көркем сөздерді қолданып, оқиғаның соңын жалғастырып айт.**

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Кейіпкерлердің іс-әрекетіне сүйеніп, оқиғаның соңын болжайды Сөйлеу барысында көркем сөздерді қолданады	1	қате берілген пікірді анықтайды;	1
		кейіпкерлерді сипаттайтын сөздерді анықтайды: - бірінші кейіпкерді; - екінші кейіпкерді;	1 1
	2	берілген оқиғаға сәйкес болжам жасайды;	1
		оқиғаның соңын мәтінмен жүйелі байланыстырып әңгімелейді;	1
		көркем сөздерді орынды қолданады;	1
		ойын жүйелі, еркін жеткізеді;	1
	сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1	
<b>Барлығы</b>		<b>8</b>	

**«Су-тіршілік көзі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Кейіпкерлердің іс-әрекетіне сүйеніп, оқиғаның соңын болжайды Сөйлеу барысында көркем сөздерді қолданады	1-2	Мәтіннің соңын болжап айтуда және сөйлеу барысында көркем сөздерді қолдануда қиналады.  <input type="checkbox"/>	Кейіпкерлер мен оқиғаларға сүйеніп, мәтіннің соңын болжайды./болжамды оқиғамен байланыстыруда/тілдік нормаларды сақтап сөйлеуде/ көркем сөздерді қолдануда қателіктер жібереді.  <input type="checkbox"/>	Мәтіннің соңын болжайды және көркем сөздерді орынды қолданады.  <input type="checkbox"/>

**«Демалыс мәдениеті. Мерекелер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау**

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Оқылым Жазылым
<b>Оқу мақсаты</b>	3.2.8.1 Эпизодтарды салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау 3.2.6.1 Кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп тауып, бағалау 3.3.2.1 Шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқиғаның дамуы барысындағы өзгерістерді анықтайды</li> <li>• Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді</li> <li>• Оқығаны бойынша кейіпкерге хат жазады</li> </ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану
<b>Орындау уақыты</b>	20 минут

**1-тапсырма**

**Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.**

Сейтен сымда тізіліп отырған қарлығаштарға жақындап келді. Аша таяғына жұп-жұмыр тас салды. Қарлығаштарға бағыттап тартып жіберді. Бейкам отырған құстар дүр көтерілді. Біреуі Сейтеннің аяғының астына топ ете қалды. Сүйріктей тұмсығынан қызыл қан ағып жатты.

Сейтен құсты аяп кетті. Жылап жібере жаздады. Ұстазының құстар туралы айтқан әңгімесін есіне түсірді. Өзінің істеген ісіне қатты өкінді. Кенет тістенді де, аша таяғын ортасынан қақ бөлді.

- Мәтіннің әр бөлігінде қандай оқиға сипатталған? Әр бөлікке тақырып қойып, жоспар құр.

1-бөлік	2-бөлік

- Кейіпкердің жағымды және жағымсыз іс-әрекеттерін жаз.

Жағымды әрекеті	Жағымсыз әрекеті

- Сейтен аша таяғын неліктен сындырып тастады? Мәтіннен сұрақтың жауабы болатын сөйлемді тауып, қоршап сыз.

**2-тапсырма**

**Сейтен қандай бала деп ойлайсың? Егер Сейтенмен кездессең, оған не айтар едің? Оның жасаған іс-әрекеттері туралы ойыңды білдіріп, Сейтенге хат жаз.**

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Оқиғаның дамуы барысындағы өзгерістерді анықтайды Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді	1	мәтін бөліктеріне сәйкес жоспар құрады: - бірінші бөлікке;	1
		- екінші бөлікке;	1
		кейіпкердің жағымды әрекетін атайды;	1
		кейіпкердің жағымсыз әрекетін анықтайды;	1
		кейіпкердің іс-әрекетінің өзгеру себебін түсіндіреді;	1
Оқығаны бойынша кейіпкерге хат жазады	2	хаттың құрылымын сақтап жазады;	1
		кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты көзқарасын білдіреді;	1
		ойын жүйелі, еркін жеткізеді;	1
		жазу барысында грамматикалық нормаларды сақтайды.	1
<b>Барлығы</b>			<b>9</b>

**«Демалыс мәдениеті. Мерекелер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Оқиғаның дамуы барысындағы өзгерістерді анықтайды Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді	1	Мәтіндегі оқиғалардың өзгерісін анықтауда және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіндегі оқиғалардың өзгерісін анықтауда/ кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіндегі оқиғалардың өзгерісін анықтайды және кейіпкерлердің іс-әрекетіне қатысты көзқарасын білдіреді. <input type="checkbox"/>
Оқығаны бойынша кейіпкерге хат жазады	2	Оқыған мәтіннің кейіпкеріне хат жазуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Оқыған мәтіннің кейіпкеріне хат жазады, хаттың құрылымын сақтауда/ кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты көзқарасын білдіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің кейіпкеріне оқиғаға қатысты өз көзқарасын білдіріп, хат жазады. <input type="checkbox"/>

## **4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

### **1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

### **2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар**

«Әдебиеттік оқу» оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында),  
Бастауыш білім беру (2-4 сыныптар).

### **3. 4 - тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу**

#### **3.1 Ұзақтығы – 40 минут**

**Балл саны – 16**

Тыңдалым мен айтылым бөлек жүргізіледі.

#### **3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 3 тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма тыңдалым және айтылым дағдысын, екіншісі – оқылым, үшінші тапсырма жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

**Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

<b>№</b>	<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	<b>Ортақ тақырып</b>	<b>Оқу мақсаты</b>	<b>Тапсырманың сипаттамасы</b>	<b>Тапсырма саны</b>	<b>Жалпы балл</b>
1	Тыңдалым және айтылым	Су-тіршілік көзі  Демалыс мәдениеті. Мерекелер	3.1.2.1 Шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау 3.1.4.1 Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану 3.1.5.1 Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу	Білім алушы ашық түрдегі қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	6
2	Оқылым		3.2.3.1 Шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді анықтау 3.2.2.1 Қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру 3.2.6.1 Кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп тауып, бағалау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
3	Жазылым		3.3.2.1 Шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
<b>Барлығы</b>					<b>3</b>	<b>16</b>



#### 4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

##### «Әдебиеттік оқу» пәнінен 4-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

###### Тыңдалым және айтылым

###### Тапсырма

###### 1. Мәтінді мұқият тыңда. Тапсырмаларды орында.

Бір бұлақтың басында үш жолаушы кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, суы мұздай салқын, таза екен. Бұлақтың басында жатқан үлкен таста:

– «Ей, жолаушы, болсаң осы таза бұлақтай бол!», - деген жазу бар екен.

Жолаушылар бұлақтан су ішеді. Сонда тастағы жазуға көзі түскен бір жолаушы:

– Бұл бұлақ күні-түні тынбай ағады. Бара-бара оған басқа бұлақтар қосылып, үлкен өзен болады. Бұл жазуды сен де ешқашан жалқауланып, тоқталып қалма, сонда мұратыңа жетесің дегені деп түсінемін, – дейді.

Екінші жолаушы тұрып:

– Бұл бұлақ кімді болса да ыстықтағанда салқындатып, рақаттандырады. Сусағанның шөлін қандырады. Онысы үшін ешкімнен ақы дәметпейді. Олай болса, бұл «біреуге жақсылық етсең, оны ешкімге міндет етпе» дегені болар, – дейді.

Жолаушының үшіншісі – жас жігіт үндемей тұрады. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» - деп сұрайды.

– Меніңше, адамдар бұл бұлаққа күні-түні тынбай ағып, тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Ал тастағы жазуды: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта дегені деп түсінемін,- деп жауап беріпті.

- Жолаушылардың бұлақ туралы айтқан пікірлерін тауып, сәйкестендір.

Бірінші жолаушы

Біреуге жақсылық етсең, оны ешкімге міндет етпе.

Үшінші жолаушы

Көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта.

Ешқашан жалқауланып, тоқтап қалма. Сонда мұратыңа жетесің.

- Сен қай жолаушының пікіріне қосыласың? Неліктен? Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолданып, өз ойыңды айт.

[6]

## Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1		1	Әр дұрыс сәйкестікке 1 балл қойылады.
		1	
	<p><i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i>                      Мен үш жолаушының да пікіріне қосыламын. Себебі адамдар еңбекқор болса, мөлдір бұлақ сияқты басқаларға жақсылық жасай білсе, көңілі қардай таза болса, оған бәрі де ынтық болады деп ойлаймын.</p>	1	Сұраққа сәйкес дәлелді пікір айтады.
		1	Өз ойын жүйелі жеткізеді.
		1	Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолданады.
		1	Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.
<b>Барлығы</b>		<b>6</b>	

### Оқылым

#### 2. Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Үш бала орманға барды. Орманда жеміс-жидектер, құстар көп. Олар қыдырып жүріп, күннің қалай өткенін байқамай қалды. Енді үйлеріне қайтып келе жатыр. Ата-анасына не деп айтарын білмей, қорқып келеді.

– Үйдегілерге не дейміз? – деді балалардың бірі.

Олар жол бойына тұра қалып, ақылдаса бастады. Өтірік айту мен шындықты айтудың қайсысы оңайырақ?

– Мен орманда қасқырдан тығылып отырдым деп айтамын. Сонда әкем маған ұрыспайды, – деді бірінші бала.

– Мен жолда атамды кездестірдім деймін. Сонда анам ашуланбайды, – деді екіншісі.

– Ал мен шынымды айтамын, – деді үшінші бала. – Шындықты айту оңайырақ, себебі ештеңе ойлап табудың керегі жоқ.

(В.А. Осеевадан аударылып, бейімделген)

- Мәтінге ат қой. \_\_\_\_\_
- Мәтіндегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді тауып, қоршап сыз.
- Балалар қандай сұраққа жауап іздеді? \_\_\_\_\_
- Оған не әсер етті? \_\_\_\_\_
- Мәтін бойынша «неліктен?» сөзін қатыстырып, 1 сұрақ құрастырып жаз.

**Балл қою кестесі**

<b>Тапсырма №</b>	<b>Жауап</b>	<b>Балл</b>	<b>Қосымша ақпарат</b>
2	Қайсысы оңайырақ?/ Не оңай?/	1	Мәтіннің мазмұнына сәйкес баламалы тақырыптар қабылданады.
	Шындықты айту оңайырақ, себебі ештеңе ойлап табудың керегі жоқ.	1	
	Өтірік айту мен шындықты айтудың қайсысы оңайырақ?	1	
	Себебі олар күні бойы орманда жүрді/Ата-аналарына ескертпей орманға барды/Үйге кеш қайтты...	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Сен кімнің пікірімен келісесің? Неліктен?/Балалар неліктен өтірік айтқысы келді?/	1	Бағалауға негізделген басқа сұрақтар да қабылданады.
<b>Барлығы</b>		<b>5</b>	

**Жазылым**

- 1. Мәтін кейіпкерлерінің қайсысының пікірін қолдайсың? Неліктен? Өз көзқарасыңды білдіріп, кейіпкерге хат жаз.**

---



---



---

[5]

### Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
3	<p><i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Сәлем, балалар! Сендер туралы мәтінді оқып шықтым. Мен соңғы баланың айтқан пікірімен қосыламын. Расында да шындықты айту оңай. Өтіріктің соңы жақсылыққа апармайды. Сондықтан да ата-аналарыңа шындықты айтуларың керек. Сәлеммен .../</p> <p><i>II нұсқа.</i> Сәлем, балақай! Сенің айтқан сөзіңді оқып, қуанып қалдым. Сен өте адал бала екенсің. Өте дұрыс айтасың. Басқа балалар сенен үлгі алуы керек. Әрқашан осы адалдығыңды сақтай біл. Сәлеммен досың ...</p>	1	Хаттың құрылымын сақтап жазады.
		1	Кейіпкерлердің мінез-құлқына, іс-әрекетіне қатысты көзқарасын білдіреді.
		1	Кейіпкердің іс-әрекетіне баға береді.
		1	Сөз орамдары мен сөйлемдерді мағынасына сәйкес қолданады.
		1	Грамматикалық нормаларды сақтайды.
<b>Барлығы</b>		<b>5</b>	

#### 5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

#### 6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.